Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігі

Түркістан облысының Білім басқармасының

«Сайрам Ауданының Білім Бөлімі»

«Жанерке» «бөбекжай- бақшасы» жеке мекемесі

Бекітемін:

# Тақырыбы:«Қош келдің,жаңа жыл!»



«Аққөгершін» тобы

Тәрбиешілер: Арапу Н.

Кембаева Ж.

2023-2024жж

## «Қош келдің, Жаңа жыл»

**Жүргізуші:** Барлық жандар бір білікке қосқан үн

Бақытты боп бастады жыл дастанын

Қуанышпен келді той деп жаңа жыл

Құтты болсын жаңа бақыт достарым

**Жүргізуші:** Құрметті балалар, ата - аналар, ұстаздар, қонақтар. Жаңа жыл мерекесіне арналған

«Қош келдің, Жаңа жыл» атты кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар  жүрекке жылылық ұялатар алғашқы Жаңа жылдық құттықтау сөзді ақыл ойы жетілген саналы ұрпақты сезімі сергек, арманшыл дана ұрпақты тәрбиелеп жатқан білім ұясының білікті басшысына береміз. Сыдыкова Дильбар Бекболатқызы.

**Жүргізуші:** Осындай ғажап тілектен біз енді жаңа жылымызды әрі қарай жалғастырайық. Кезекті бүлдіршіндеріміздің жаңа жылға арнаған жыр шумақтарына берейік.

**Сезім:**

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай әсем шыршамыз.

Ән шырқайық баршамыз

**Бексұлтан:**

Жаңа жылда бақшамыз,
Гүлдей болып жайнасын.
Аман болсын барлық бала,
Шат - шадыман ойнасын.
Жаңа Жыл келеді.

**Ернұр:**

Ән айтамыз, би билейміз,
Біз көңілді баламыз.
Шаршауды біз білмейміз,
Тақпақ айтып, би билеп.
Аяз Атадан сыйлық аламыз.

**Т.Алинұр:**
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды.
Мұз болады, қатады,
Жып-жылтыр боп жатады.

**Нұрдәулет :**
Жаңа жылым мол болсын
Баскан қадам он болсын
Төрле Төрле Жаңа жыл
Бізге Құтты жыл болсын

**А.Алинұр:**
Жаңа жыл Жаңа жыл
Жаңа жылға жаңа жыр
Жасыл шырша жанында
Билеп барлық бала жүр

**Р.Балауса:**
Аю, қасқыр, қоян, түлкі бәрі де,
Ортада жүр би билеп.
Балалар жүр мәз болып,
Би билейді дөңгелеп.

**Жүргізушілер:** Алдарыңызда ұл-қыздарымыздың орындауында би

**Би: «Көңілді қарлар»**

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар! Ал енді бәріміз қосылып бар дауысымызбен Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.

**Мыстан:** Саламатсыңдарма балалар мен ақшақармын ,көңіл күйлерің жақсыма мені шақырып жатыр екенсіңдер орманнан жетіп келдім
**Кощей:** Саламатсыздарма мен Аяз атамын  маған өнерлеріңді көрсетесіңдерме

**Екеуі:** Білдіртпей жүрші мыналар сезіп қоймасын Мыстан мен Кощей екенімізді ана аяз атаның таяғын ұрлаймыз деп не істемедік Енді мыналардың сыйлықтарын алып кетсек жыл бойы қарнымыз тоқ болып жүреміз
**Жүргізуші:** Балалар бұлар Аяз атаға ұқсайма? Аяз ата мен ақшақар секілді ән айтып ойын ойнай алама ? Түрлері ұқсап тұрма
**Жүргізуші:** Қанекей балалар біз Аяз атадан ән айтып беруін сұрайық
**Ән: Аяз ата Кощей ән айтады**
**Жүргізуші:** Балалар Аяз ата осындай ән айтама? Кәне балалар ал сендер өз өнерлеріңді көрсетіңдерші:
**Тақпақтар:**

**Анарай:**
**Ақша қар, ақша қар,**
Аппақ болып қонасың.
Тоса қалсам қолымды
Алақаныма толасың

**Карима:**
**Жаңа жыл** келгенде
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз Ата келгенде
Билейміз, ән саламыз.

**Нұрсұлтан:**
**Арман:**
Ақ қар жапты даланы
Ақ жамылды айнала
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға

**М.Мұхамед:**
Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек.

**Ұлдана:**
**Жыл**дың әнін бастайын,
Аяз- Ата кеп қалды.
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

**Қазына:**

Бақша іші мереке,
Ойын күлкі асқақ ән.
Жақсы әпкелер **жаңа** кеп,
Мерекені бастаған

**Нұрила:**
Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын **жаңа-жыл**
Ата-әже, әке - шеше
Құтты болсын **Жаңа жыл**

**Мұхаммеджан:**
Жасыл желен жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сагынған.

**Жүргізуші:** Алдарыңызда «Аққөгершін» тобының жігітттері өнер көрсетпек қол шапалақтап қарсы алайық:
**Би: «Жаңа жыл!»**

**Ортаға шын Аяз ата мен Ақшақар келеді.**
**Аяз ата:** Әй жалмауыз мыстан бізді неге қамап кеттің менің сиқырлы таяғымды алып кел бері сенің бұл таяқпен зұлымдық жасауына жол бермеймін. Каз осы таяқпен сен екеуіңді сыйқырлап тастаймын. Сендерді мейірімді жандарға айналдырайын.
Балаларды неге алдайсың бұлар Жаңа жыл мерекелерін тойлап жатыр бұзбай кетіңдер бұл жерден.
**Кощей:** Аяз ата сен бізді кешір біз енді жамандық жасамаймыз мына балалармен көңіл көтеріп би билеп ән айтайықшы бізді қума
**Мыстан:** Аяз ата мен ата – аналарыңның көңілін көтеріп ойын ойнатайын
**Ойын:** 4 орындық
**Жүргізуші:** Балалар Аяз атамыз деп алдап келген Мыстан мен Кощейді кешіремізбе олар енді жаман болмаймыз деп жатыр
Аяз ата Біздің шыршамыз көңілсіз болып тұр кәнекей сиқырлы таяғыңызбен жағып жіберіңізші:
**Енді бәріміз шырша шамын жағайық.**

**Барлығымыз « 1 2 3 Шырша шамы жайнай түс» деп айтайық.**

**(Барлығы айқайлайды, шырша шамдары жағылады.)**

**Қоян жылы:** Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
**Жүргізуші:** 2024 жыл қадам басқан
Гүлденіп көркейе бер Қазақстаным.
Келесі жыл бастауын Ұлуға беремін
(Сахнаға Ұлу шығады)
**Ұлу:**

Қоян жылы:
Мен тағы бір қонақпын
Он екі жылда оралар
Үлкендерге ақ ниет
Сіздерге де ақниет
**Аяз ата:** Бәрекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда. Шыршаның құрметіне ән айтып, шыршаны айналып өтейік.

**Хор: Шыршаға Бардық**
**Барлығы:** Қош бол, қоян, қош бол.

**Жүргізуші:** Келесі кезекте балапандарымыздың тақпақтарын қабыл алыңыздар.

**Мирас:**

Оралды өлкеме
Жаңа жыл, армысың!
Оранды ақ көрпе
Асқар тау, қарлы шың.

**Адия:**

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса.

**Айзия:**
Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

**Мөлдір:**
Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан,
Аяз ата оралып.

**Ерхан:**
Безендіріп шыршаны
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

**Бекасыл:**
Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

**Жүргізуші: Кезекті сұлу қыздарымыздың биіне берейік**

**Би: «Вьюженька» Ұлдана Карима Айбике Анарай Іңкәр Адия**

**Жүргізуші: Келесі кезекті ұл қыздарымыздың тақпақтарына берейік**

**Айбибі:**

Аппақ тонға оранып

Базарлықты мол алып

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып

**Балауса:**

Жапалақтап ақшақар

Жауды күнде қайталап

Қырға шықты балалар

Шаңғыларын арқалап

**Айбике:**

Мәз болып, жиналып көп бала,

Бір-бірін құшақтап топтала,

Ойыншық іліп жүр шыршаға,

Неткен көп ойыншық мұншама.

**Балерке:**

**Жаңа жыл**ды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

**Байбек:**
Оралдың өлкеме,
**Жаңа жыл** армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шың.

**Бекасыл:**
Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

**Азат:**
Тауда туып
Тауда өсіп
Шырша келді ортаға

Қандай жақсы шыршамыз
Ән шырқайық баршамы

**Балсезім:**
Қалып едік сағынып,
Күтіп алдъқ жабылып.
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп

**Нұрислам:**
Аяз ата ойды қырды
Аралап жүр түгел шолып
Қарсы алғалы жаңа жылды
Олда көптің бірі болып

**Іңкәр:**
Аяз ата ақ сақалды
Ақ таяқты паң ата
Асып өтіп асқар тауды
Жеттің бізге таң ата

**Нұрали:** Аяз ата кахарлы
Айналаны қар жапты
Ақ тон киіп атам тұр
Дәл атамдай салмақты

**Амина:**
Жаңа жылды қарсы алайық бәріміз,
Керемет қой жаңа жылғы әніміз.
Ән айтамыз бәріміз де қуанып,
Жаңа жылдың біз, сіз болар сәніміз.

**Би: «Ұлпалар»**
**Аязата:** Жаңа жылдарыңызбен достар, шанамызға мінейік, ақшақарым, Алда барар ауыл, жыл қуантсын баршаны.
**Ақшақар:** Жаңа жылда сіздердің барлығыңызға жақсылық тілеймін.
Барлығы: Қош бол, Аязата, Ақшақар, Аязата ақшақар......
**Жүргізуші:** Міне, қымбатты балалар, бірлесіп, достасып өткізген мереке қашанда қуанышты өтеді, достық, бірлік бәріне де жеңеді. Аспанымызды бұлт торламасын. Көктегі күніміз сөнбесін.
Барлық жандар бір тілекке қосқан үн
Бақыт боп бастады жыл дастанын

Қуанышпен келді той боп жаңа жыл.
Құтты болсын жаңа бақыт достарым.
Жаңа жылдық ән бұл мерекенің соңы сәтті болады.
**Жүргізуші:** Жаңа жылдарыңыз тағы да құтты болсын.
Сау болыңыздар



